

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозоғистон» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: “Таптым-ау сені”)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского поместного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

2. Қазақ мақал-мәтелдері "Балауса" баспасы, Алматы, 2013
3. <https://www.citehr.com/32222-list-1000-english-proverbs-sayings.html>
4. The Oxford Dictionary of Proverbs, Jennifer Speake, 2008
modality, English language, Kazakh language, school education, bilingual education.

ӘОЖ 81`25

АУДИОВИЗУАЛДЫ АУДАРМАДА РЕАЛИЯЛАРДЫ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбдірахман Айтолқын Құрашқызы

a.aitolkyn_95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының 1 курс докторанты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.М.Төлеубаева

Аударма – тілдік бірліктерді алмастыру ғана емес, бұл мәдениеттер арасындағы көпір. Көрнекті лингвист Юджин Найда аударманы «қауымдастықтар арасында қарым-қатынас орнату үшін лингвистика, мәдени антропология, коммуникация теориясы, әлеуметтік лингвистика, психология, социология және социосемиотикаға сүйенетін тілдік инженерияның бір түрі» ретінде қарастырады. Көпір құрылысы мен аударманы бір-біріне пара-пар құбылыс деп санайды [1, 10-11 б.]. Әсіресе, реалиялар – мәдениеттің айқын көрінісі болып табылады. Бұл белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, тарихи немесе ұлттық ерекшеліктеріне қатысты ұғымдарды білдіретін сөздер. Белгілі тіл мамандары С.Флорин мен С.Влаховтың анықтамасы бойынша, реалиялар - бір халықтың өмірінде, тұрмысында және мәдениетінде бар болғанымен, екінші халықтың өмірінде жоқ сөздерді, құбылыстар мен заттарды сипаттайтын номинативті тіркестер [2, 344 б.]. Ал Я.И.Рецкер, Л.С.Бархударов, В.С.Виноградов сынды зерттеушілер реалияларды баламасы жоқ лексика қатарына жатқызған. Алайда С.Флорин мен С.Влахов баламасы жоқ лексиканы реалияның синонимі ретінде қарастыру дұрыс емес деген ой түйген болатын. Осыған байланысты тіл мамандары эквиваленті жоқ лексика терминіне түзету енгізуді ұсынған еді. Олар «эквивалент» терминінің орнына «аударма эквиваленті» терминін қолдануды ұсынды.

Нәтижесінде біз баламасыз лексиканың келесідей анықтамасын аламыз: «аударма тілінде эквиваленттері жоқ лексикалық және фразеологиялық бірліктер. Ал реалиялар болса, өз алдына бөлек сөз тобы ретінде осы баламасыз лексиканың құрамына кіреді» [2, 41–43 б.]. Көп жағдайда түпнұсқа тіліндегі реалия сөздердің өзге тілде баламасы жоқ болғандықтан оларды аудару қиынға соғады.

Ұлттық, жергілікті әрі тарихи колоритті бойына жинаған реалия сөздер тек көркем шығарма мәтінінің ғана емес, сонымен қатар аудиовизуалды контенттің - фильмдердің, телехикаялардың және т.б. құрамдас бөлігі болып табылады. Бүгінде біз жаһандану дәуірінде, яғни түрлі бейнеплатформалар мен стримингтік қызметтердің қарқынды дамуы жүріп жатқан заманда өмір сүретінімізді ескерсек, сапалы аудиовизуалды аудармаға деген сұраныстың өте жоғары екенін байқаймыз. Ал реалияларды аудару, әсіресе, аудиовизуалды аударманың ерекше жағдайында аудару – аудармашылар үшін күрделі мәселеге айналып отыр.

Аударманың бұл түрінің тарихына тоқталсақ, «аудиовизуалды аударма» термині тіл білімінде жақында ғана қолданыла бастады. 2000 жылдарға дейін зерттеушілер, негізінен, аударматанудың бір бағыты ретінде кинофильмдерді аудару мәселесін қарастырып келген [3, 35 б.]. Қазақстанда бұл бағытта В.У. Махпиров, А.Т.Арстанова сынды зерттеушілер жұмыс жүргізген.

Аудиовизуалды аударманы зерттеу барысында басты көңіл мәтінге бөлінген еді: яғни зерттеушілер мен аудармашылардың назары вербалды компонентпен жұмыс істеуге бағытталды [3, 37 б.]. Дегенмен, аудиовизуалды туынды тек вербалды аудио/бейне құралдардан ғана емес, сонымен қатар экранда болып жатқан көрініс секілді вербалды емес компоненттен және музыкалық сүйемелдеу, шу сияқты дыбыстық құрамдауыштардан да тұрады. Бүгінгі таңда аудиовизуалды аударманың полисемиотикалық қыры туралы жазылған көптеген жұмыстар барын атап өткіміз келеді [3, 4]. Бұл ретте ғалым Алексей Владимирович Козуляевті ерекше атап өткен жөн, ол өз аудиовизуалды аударманың полисемиотикалық қыры жайында былай дейді: «Аудиовизуалды мәтіндер полисемиотикалық болып келеді. Аудиовизуалды

материалдардың реципиенттері бір мезетте көрермен де, оқырман да, тыңдаушы да бола алады. Олар ақпаратты декодтауды бірден бірнеше деңгейде жүргізеді [4, 374-375 б.].

Аудиовизуалды аударманың негізгі үш түрі бар. Дубляж аудармасы – бұл түпнұсқадағы аудиовизуалды мәтінді басқа тілге аударып, оны актерлардың қайта дыбыстауы. Субтитрлер аудармасы – бұл түпнұсқа тіліндегі сөйлеуді немесе жазбаны басқа тілге аударып, оны экранның төменгі бөлігінде мәтін түрінде көрсету процесі. Бұл аударма түрі түпнұсқаның мағынасын ғана емес, диалогтың эмоционалды бояуын, стильдік ерекшеліктерін және мәдени аспектілерін де жеткізуді талап етеді. Кадр сыртында дыбыстауға арналған аударма – түпнұсқа дыбыс төмендетіліп, оның үстінен аударылған мәтін оқылатын аудиовизуалды аударма түрі [5, 4–5 б.]. Аудиовизуалды аударманың әрбір түрінің өзіне тән техникалық ерекшеліктері бар: мысалы, дубляж жасау кезінде аударма тіліндегі кейіпкерлердің сөзі уақыты жағынан актерлердің мимикасы мен ерін қимылдарына толық сәйкес келуі керек. Сол секілді субтитрлерді аударудың өз ережелері бар: мәтін экран аймағының 1/5 бөлігінен аспауы керек және төменде орналасуы қажет. Сондай-ақ көрермен оқып үлгеруі үшін субтитрлер белгілі бір уақыт ішінде көрсетілуге тиіс. Кадр сыртындағы аударманың техникалық қиындығына қатысты айтар болсақ, аударма түпнұсқа тіліндегі репликадан бірнеше секундқа кешіктіріліп басталғанмен, түпнұсқамен бір уақытта аяқталуға тиіс. Бұдан бөлек, аударма барысында аударманы рәсімдеу талаптарын сақтай отырып, түпнұсқаның эмотивті-бағалауыштық реңкін дұрыс жеткізе білу керек.

Аудиовизуалды аударманың жоғарыда аталған ерекшеліктері аударма барысында қандай да бір жекелеген элементтерді, атап айтқанда реалияларды жеткізуге, әлбетте, әсер етеді. С.Влахов, С.Флорин [2] сияқты зерттеушілер ұсынған көркем әдебиет пен аудиовизуалды өнімдер аудармасындағы реалияларды беру тәсілдерін қарастыра келе, біз аудиовизуалды аударма аясында реалияларды берудің келесі негізгі әдістерін анықтадық:

- 1) транскрипция (транслитерация сирек қолданылады);
- 2) калькалау;
- 3) аударма трансформациялары (жалпылау/нақтылау);
- 4) функционалдық (мәдени/жағдаяттық) атаумен ауыстыру);
- 5) түсіріп тастау (контекстуалды аударма);
- 6) ресми баламасын беру;
- 7) сипаттама аударма.

Реалияларды аудару стратегияларына сүйене отырып, біз әлемдік кинематографтың үздік туындыларының бірі деп танылған сиқыршы Гарри Поттер туралы фильмдер топтамасынан алынған үзінділерге талдау жасағымыз келеді. Белгілі туындыны Қазақстанда "Steppe & WORLD Publishing" баспаханасы алғашқылардың бірі болып «*Хэрри Поттер және пәлсапа тас*» деген атпен аударды [6]. Осы бөлімде кездескен кейбір реалияларға талдау жасайық.

Сюжет желісі бойынша, ата-анасынан айрылған Хэрри жастайынан жетім атанып, туыс тәтесі мен жездесінің үйінде өседі. Туысқан болғанымен, әпке-жездесі де, бөлесі де Хэрриге күн көрсетпейді. Бір күні бөлесі Хэрриді ұйқысынан әдеттегідей айқайлап оятады. Түпнұсқада кейіпкерлер арасындағы туыстық қарым-қатынасты, сонымен қатар, бөлесінің Хэрриге деген жеккөрінішін көрсету мақсатымен «*Wake up, cousin!*» деген тіркес қолданылған. Экраннан бөлесінің Хэрриді адам құрлы көрмейтіні, кекетіп тұрғаны көрініп-ақ тұр. Бұл тіркес қазақ тіліне лексикалық трансформацияның бір түрі – түсіріп тастау әдісі арқылы «*Тұр, тұр!*» деп аударылған. Бұл жерде эмотивті-бағалауыштық сипатқа ие реалия сөздің реңкі аударма тілінде бәсеңдеп қалғанын байқауға болады. Бәлкім, кейіпкердің Хэрриге деген ызасын, менсінбеушілігін түпнұсқа тілі мен аударма тілінде теңдей дәрежеде көрсету үшін «*бөле-сымақ*» деген тіркесті қолданған дұрыс болар ма еді.

Келесі мысалға тоқталатын болсақ, Хэрридің марқұм анасының әпкесі, яғни тәтесі өз ұлын шектен тыс шолжаңдатып, қалағанын алып беріп, айтқанын екі етпей өсірген. Ессіз еркелікті әдетке айналдырған ұлын сабырға шақырмақшы болған анасы былай дейді: «*How's that, pumpkin?*». «*Pumpkin*» сөзі ағылшын тілінде ауыспалы мағынасында қаратпа сөз ретінде жұмсалады [7]. Көп жағдайда «*тәттім, қымбаттым, сүйіктім*» деген мәндерді білдіреді. Әсіресе, кішкентай бүлдіршіндерді асқабаққа теңеу белең алған. Америкалықтар үшін асқабақ тіпті «Хэллоуин» секілді ұлттық мерекенің басты символы саналады. Бұл бірлік қазақ тіліне жатық балама сөзбен, яғни «*қарағым*» деп аударылған. Бұл жерде аудармашылар түпнұсқа тіліндегі реалияны қазақ тіліндегі реалия сөзбен ұтымды жеткізе білген.

Ағылшын халқының асханасына қатысты келесі реалияның аудармасына зер салайық: «*Oh, Marge is ill! Ate a funny whelk*». Аудармашылар дубляждың уақыт шектеуін негізге ала отырып, түпнұсқадағы сөйлемдерді қазақ тіліне бір сөйлеммен берген, сонымен қатар қазақ тілді аудиторияға жатық, түсінікті тілмен «*Марч ұшынып ауырып қалыпты*» деп аударған. Жалпы алғанда, ағылшындар географиялық орналасуына байланысты теңіз өнімдерін сүйіп жейді. Мұндай тағамға қатысты талғам тарихи-мәдени себептермен де байланысты. Ал қазақ халқы, керісінше, көшпелі өмір салты, географиялық жағдайы, діни ұстанымдарына байланысты теңіз өнімдерін шектеген. Аудармашылар осы мәдени ерекшелікті ескеріп, түпнұсқа тіліндегі «*ұлу*» сөзін түсіріп тастап, лексикалық трансформация, яғни жалпылау арқылы «*ұшынып қалыпты*» деген сәтті аударма берген.

Аудиовизуалды аударма барысында транслитерация әдісі қолданылатынын жоғарыда атап өттік. Соның дәлелі ретінде келесі мысалды алға тартқымыз келеді. Түпнұсқада Хэрридің қамқоршысы оған «*They're goblins, Harry*» деп банк қызметкерлерін таныстырады. Фэнтези жанрында «*гоблиндер*» көбіне қысқа бойлы, ұсқынсыз, агрессивті тіршілік иелерін білдіреді. Қысқаша айтқанда, бұл ертегі мен фэнтезидегі мифтік жаратылыс. Мұндай жаратылыстар қазақ мәдениетіне жат болғандықтан, аудармашылар бұл реалияны транслитерация арқылы «*гоблиндер*» деп берген.

«Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» фильмінде кездескен келесі реалияны қарастырайық: «*Hogwarts School of Witchcraft and Wizardry*». Бұл жердегі «*witchcraft*» сөзі дуагерлік, мыстанға тән іс-әрекетпен шұғылдану дегенді білдіреді. Тарихқа үңілетін болсақ, орта ғасырларда адамдарды дуагерлікпен айналысқаны үшін айыптап, өлім жазасына кескен. Яғни бұл мифтік не діни концепцияны білдіретін сиқыршылық практикаларының жүйесі. Қазақ тіліндегі жезтырнақ, жалмауыз кемпір секілді баламалары түпнұсқа тіліндегі бірліктің реңкін, бояуын, мағынасын толық ашады деп айта алмаймыз. Оның үстіне, түпнұсқадағы реалияның мағынасын ашып айтуға, сипаттамалы аударма беруге уақыт жетіспейді, сондықтан аудармашылар бұл бірлікті жалпылау арқылы «*гажайып*» деп аударған.

Тағы бір мысалға тоқталып өтейік: «*Keeper of Keys and Grounds at Hogwarts*» тіркесі қазақ тіліне «*Хогвартстағы жер мен кілттер сақшысы*» деп аударылған. Бұл жердегі «*keeper*» функционалдық реалиясы аударма тілінде функционалды аналогпен, яғни «*сақшы*» деп ұтымды аударылған. Түпнұсқа тіліндегі бірліктің семантикалық қолданысы аударма тіліндегі бірлікпен салыстырғанда әлдеқайда ауқымды болғанына қарамастан, берілген контекстте аударма түпнұсқаның мән-мағынасын толық ашып тұр деуге болады.

Хэрри Поттер жайында туындыда сондай-ақ ситуативті реалиялар да кездеседі. Бұл белгілі бір жағдайға, оқиғаға немесе мәдени контекстке байланысты уақытша қолданыстағы сөздер мен ұғымдар. Сондай реалиялардың бірін қарастырайық. «*It's about You-Know-What in vault You-Know-Which*». Бұл жерде берілген екі реалия қазақ тіліне калька тәсілі арқылы «*өзіңіз білетін жер*» және «*өзіңіз білетін зат*» деп ұтымды аударылған, яғни түпнұсқа тіліндегі сөз тіркесінің құрылымы аударма тілінде дәлме-дәл берілген.

Жалпы алғанда, аудиовизуалды аударманың техникалық ерекшеліктері (әсіресе, субтитр) нәтижеге айтарлықтай әсер ететіні анық. Мұның дәлелі ретінде сипаттамалық аударма әдісін қолдану мысалдарының өте аз екенін айта аламыз. Аудиовизуалдық реалияларды беру кезінде ең басты нәрсе - аудармашының сюжеттік желіде реалияның атқарып тұрған қызметін, білдіріп тұрған мағынасын дұрыс түсінуі болып табылады. Егер реалия кейіпкерлердің репликасын / әзілін / жағдайды түсінуге әсер етпесе, оны түсіріп тастауға болады.

Аудиовизуалды реалиялардың ұтымды аудармасы аудармашының кәсібилігіне тікелей байланысты деген қорытынды шығарғымыз келеді. Реалияларды дұрыс аудару – кез келген аудармашы үшін үлкен шеберлік пен білімді талап ететін күрделі процесс. Аудармашы тілді жетік білумен шектелмей, екі халықтың мәдениетін, тарихын, этнографиясын терең меңгеру қажет. Себебі кейбір реалияларды тура аудару мүмкін емес, сондықтан олардың мәнін түсініп, аударма тіліне дұрыс жеткізу білімді керек етеді. Оның үстіне, аудармашы аударма стратегияларынан хабардар болуға тиіс. Бұдан бөлек, аударма аудиторияға түсінікті болуы үшін көп жағдайда реалияларды бейімдеуге тура келеді. Бұл орайда, аудармашының бейімдеу қабілеті үлкен рөл ойнайды. Реалиялар көбінесе белгілі бір халықтың эмоциясын, көңіл-күйін, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын болғандықтан аудармашы аталмыш ерекшеліктерді сақтай отырып, мәтінді қабылдаушы аудиторияға лайықтап аудару керек.

Реалиялар үнемі жаңарып, өзгеріп отырады, сол себепті аудармашы да тарихи, мәдени, саяси өзгерістерді бақылап, өз білімін үздіксіз толықтырып отырғаны абзал.

Демек, аудиовизуалды реалияларды аудару терең білім мен шығармашылықты қажет ететін сала. Жақсы аудармашы тілден бөлек, мәдени контекстіні де жетік біледі. Мұндай аудармашының жұмысы қашан да көрерменнің жүрегіне жол табады деген сенімдеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Nida, E. A. The Paradoxes of Translation // Bible Translation. – 1991. – No. 42. – P. 1–18.
2. Влахов С.И., Флорин С.П. Непереваемое в переводе. — 3-е изд., испр. и доп. — Москва: Валент, 2012. — 344 с.
3. Маленова, Е. Д. Теория и практика аудиовизуального перевода: отечественный и зарубежный опыт. / Е. Д. Маленова. — Текст: непосредственный // Коммуникативные исследования. — 2017. — № 2. — С. 32–46.
4. Козуляев А.В. Аудиовизуальный полисемантический перевод как особая форма переводческой деятельности // XVII Царскосельские чтения: материалы междунар. науч. конф. : в 4 т. – Т. I. – СПб., 2013. – С. 374–381.
5. Diaz Cintaz, J. Introduction — Audiovisual Translation: An Overview of its Potential / J. Diaz Cintaz. — // New Trends in Audiovisual Translation. — Bristol, Buffalo, Toronto: Multilingual Matters, 2009. — С. 1–18.
6. <https://baribar.kz/120641/harri-potter-men-palsapa-tas-birinshi-tarau/>
7. https://www.oed.com/dictionary/pumpkin_n?tl=true

УДК 81'25

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕП: ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН АУДАРМАДАҒЫ ҰСТАНЫМДАР

Бектлеуова Аружан Сәулетқызы

Aruzhan.bs@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология

Факультетінің Аударма ісі мамандығының 2 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сатенова С.К.

Тіл – халықтың мәдени және рухани құндылықтарының айнасы. Әдептік нормалар қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Тіл мен әдеп өзара тығыз байланысты, өйткені әр ұлттың тілінде сол халықтың әдептік ұстанымдары көрініс табады. Аударма барысында бұл ерекшеліктерді дұрыс аудару – түпнұсқаның мағынасын толық жеткізудің маңызды шарты.

Бұл мақалада тіл мен әдеп арасындағы байланыс, олардың ұлттық ерекшеліктері және аудармада сақталуының маңыздылығы қарастырылады.

1. Тіл мен әдептің ұлттық ерекшеліктері

Әр халықтың әдеп жүйесі оның ұлттық болмысымен, тарихымен және мәдениетімен тығыз байланысты. Қазақ халқында үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – басты әдеп қағидаларының бірі. Бұл тілдік қолданыста «сіз», «құрметті», «мархабат», «алғыс» сияқты сөздермен көрінеді. Мысалы, қазақ тіліндегі «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария барып сәлем береді» деген мақал үлкенді құрметтеудің әдептік нормаларын көрсетеді. Мұндай ерекшеліктер басқа халықтарда да кездеседі, бірақ олардың тілдік көрінісі әртүрлі болуы мүмкін. Жапон мәдениетінде де сыпайылық ерекше орын алады. Онда «кейго» деп аталатын сыпайылық деңгейлері бар. Бұл ерекшеліктер аудармада ескерілмесе, түпнұсқаның мәні бұрмалануы мүмкін.

Сәлемдесу мен амандасу дәстүрлері

Әр мәдениетте адамдардың бір-бірімен амандасу тәсілі ерекше маңызға ие. Қазақ халқында жасы үлкенге бірінші болып сәлем беру – әдептіліктің белгісі. Қазақтар «Ассалаумағалейкум!» деп, жауап ретінде «Уағалейкумассалам!» деген. Жастар үлкендерге «Сәлеметсіз бе?» деп құрмет көрсетсе, өзінен кішіге «Сәлем» деп амандасу қалыпты саналады. Ал Жапонияда бас ию дәстүрі бар, ал еуропалық елдерде қол алысып немесе беттен сую әдетке айналған.

Сыйластық пен құрмет көрсету